

Авторы ---А.Оспанов---
--Ауданы ---Көкшетау---



- Бөлім меңгерушісі -----
--Секретариатқа берілген күні

Бөлімі ----экономика-----
----Өзірлеген --Аслан-----
----Жолы -----

- тіркелген нөмірі -----
----Жауапты хатшы -----
----- Редакториа -----

-----Терген Аслан 30.06.12
министр Умирьяев

Файлы Вице

Шет ел техникалары игерілетін болады

Өткен бейсенбі күні Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі Мүсілім Өмірияев, облыс әкімінің орынбасары Дәурен Әділбеков және Германияның азық-түлік, ауылшаруашылық және тұтынушылар құқығын қорғайтын федералды министрлігі бағдарламасы жетекшісінің орынбасары Ральф Роговскиймен бірге еріп келген бірқатар мәртебелі меймандардың қатысуымен Зеренді ауданы, Шағалалы селосында «Алқап күні» аталып өтті және осы шара аясында неміс аграрлы орталығының оқу корпусы ашылды.

Аслан ОСПАНОВ,

«Көкшетаудың» өз ақпараты.

Еліміздің аграрлы облыстарының бірі болып саналатын Ақмола өңірінде енді ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге шет елдік техникалардың қыр-сырын терең оқытуға мүмкіндік туып отыр. «ҚазАгроИновация» акционерлік қоғамының қолдауымен өткен шараға Қазақстан аумағында ауылшаруашылық өнімдерін өндіретін неміс компаниялары қатысты. Сондай-ақ, неміс аграрлы орталығындағы оқу корпусының ашылуы сәтіне орайластырылған «Алқап күні» мерекесі де аталып өтілді. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі Мүсілім Өмірияев пен Германияның азық-түлік, ауыл шаруашылығы және тұтынушылар құқығын қорғайтын федералды министрлігі бағдарламасы жетекшісінің орынбасары Ральф Роговский,

«Евразия Групп» компаниясының президенті Мұстафа Захин мен Хоенхайм университеті жанындағы Шығыс-Еуропа орталығының басшысы, «Неміс аграрлы орталығы» жобасы бойынша жауапты, Украинадағы неміс аграрлы орталығының директоры Хайнрих Шуле және облыс әкімінің орынбасары Дәурен Әділбеков құттықтау сөз сөйлеп, орталықты ашуға көмек көрсеткені үшін неміс аграрлы орталығындағыларға бірлесе жұмыс істегені үшін алғыстарын білдірді. Қазақстанның ауыл шаруашылығы нарығында компаниялар ұсынған ынтымақтастықпен аталған орталықтың даму болашағы мен өзара пайдасы жөнінде олардың көзқарастары бір жерден шықты. Сөз алғандар мұндай ынтымақтастықтың оң серпіні туралы сенімді түрде баяндады.

Ұйымдастырушылар мәртебелі қонақтар мен қатысушыларға арнап егін егу қондырғыларын, топырақ өңдеуге, өнімді жинауға және өсімдікті қорғауға арналған техникаларды жариялайтын бағдарламаны дайындады. «Еуразия Групп» компаниясы жинау техникасы санатында «Джон Дир» компаниясынан 630R егін оратын машинасы бар W550 сериялы барабанды комбайнын ұсынды, басқаларына ұқсамайтын клавишті комбайнның бірегей сепарация жүйесі бар, қозғалтқыштың көлемі 6,8 литр, барабан диаметрі 660 мм және бидай бункері 8000 литр. Аталған машина әр түрлі дақылдарды жинау кезінде өте жақсы нәтиже көрсетеді, сабанды жоғары сапалы шауып. атжалға бірдей түсуін қамтамасыз етеді, бастысы дәннің жоғалуы не бары 1 пайызды құрайды.

Бидай жинайтын «Джон Дир» W550 комбайнынан бөлек «Еуразия Групп» компаниясы 4730 моделді бүріккіш, 750А дискілі тұқым сепкіш, өзі жүріп дән жинайтын 7250 комбайнын және 582 моделді қыспа-жинаушыны көрсетті. «Еуразия Групп» агрономдары осы іске кешенді түрде келу аясында Шағалалы селосында жаңадан әзірленген «WeedSeeker» және «AgroScan» спутникті түсіріліммен қолданған тәжірибе нәтижесін көрсетті. Сонымен бірге, «Еуразия Групп» стендінде қатысушылар біздің компания ұсынатын қызмет түрлерін және әлемнің жетекші өндірушілерінің жаңадан шыққан ауылшаруашылық техникалары туралы қажетті ақпараттарды алды.